

КЕЛІСЕМІН

Қарағанды облысы мәдениет,
архивтер және құжаттама
басқармасының басшысы
Ғ.Өтелбайұлы



2026 ж.

БЕКІТЕМІН

«Қ.Байжанов атындағы
Қарағанды концерттік
бірлестігі»
Идрисов Т.Н.



2026 ж.

**Қазақстан Республикасының халық артисі, актер,
композитор, әнші Манарбек Ержановтың 125 жылдығына
арналған I Республикалық дәстүрлі ән орындаушылар
конкурсының ережесі**

Конкурстың мақсаты

Дала үнінен қуат алып, әсем әндерімен тыңдарман жұртына шуақ берген ұлы әнші **Манарбек Ержановтың** шығармашылығы ұлттық музыка өнеріндегі қайталанбас дара құбылыс. Осы киелі мұраны кеңінен насихаттап ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу, дарынды жастарымызды өнердің кәусәр бұлағынан нәр алғызып, шеберлігін шыңдауға ықпал ету мақсатында және Манарбек Ержановтың 125 жылдығына арналған, Қарағанды облысы әкімшілігі мен Қарағанды облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестік **Манарбек Ержановтың 125 жылдығына арналған I Республикалық дәстүрлі әншілер конкурсын** өткізеді.

Өтетін орны мен мерзімі

2026 жылы қараша айының 4-6 күндері аралығында, Қарағанды қаласында, «Шалқыма» к/з өтеді.
Мекен-жай: Костенко көшесі, 7 үй.

Конкурс шарттары мен үміткерлерге қойылатын талаптар

Конкурсқа Қазақстан Республикасында тұратын, 20 мен 40 жас аралығындағы, қазақ композиторларының әндерін домбыра,

сырнай, аспаптарының сүйемелдеуінде орындайтын өнерпаздар қатыса алады.

Конкурсқа қатысу үшін облыстық, қалалық мәдениет басқармалары, концерттік ұйымдардың дирекциясы мен көркемдік кеңесінің, мәдениет, өнер оқу орындарының педагогикалық кеңестерінің ұсыныстары болуы қажет.

Конкурс 2 кезеңнен тұрады.

Конкурстың ашылуы мен жеребе 4 қараша 2026 жылы

Бірінші кезең 5 қараша күні, екінші кезең 6 қараша күні өтеді.

Екі кезең де тыңдаушы – көрермендер алдында өтеді. Үміткер әр кезеңде үш шығарманы жатқа орындайды. Әр кезеңде үміткерге әндерін орындауға берілетін уақыт 15 (он бес) минут. Ол алдын-ала көрсеткен шығармалар тізімін өзгерте алмайды.

Конкурстың әр кезеңінде орындалатын **3 шығарманың біреуі** Манарбек Ержановтың өз шығармасынан көрсетілген тізім бойынша, екінші ән Манарбек Ержановтың репертуарынан көрсетілген тізім бойынша болуы қажет, үшінші ән үміткердің таңдауы бойынша халық әні, халық композиторларының шығармасынан өз таңдауы бойынша еркін тақырыпта.

Үміткерлерге қойылатын талап:

Манарбек Ержановтың ән орындау мәнерін сақтау тиіс.

2 кезеңнің шарттары бірдей.

Үміткерлердің тапсыратын құжаттары:

- тууы туралы немесе жеке бас куәліктерінің көшірмесі;
- өмірбаяны, ұстазының аты жөні;
- музыкалық білімі туралы құжаттың көшірмесі;
- оқитын (оқушылар мен студенттер үшін), жұмыс істейтін жерінен анықтама;
- міндетті түрде байланыс телефондары мен электронды поштасын көрсетуі қажет;
- сапасы жақсы электронды нұсқадағы суреті;
- әр кезеңде орындалатын шығармалар тізімі;
- міндетті түрде банктен өз атына тіркелген 20 сандық анықтама.

Конкурсқа қатысушылардың өтініштері конкурстың басталуына 10 күн (??? дейін) қалғанға дейін мына электронды мекен-жайға жіберілуі тиіс: kobaizhanov@gmail.com

**Телефондары: 8 (721-2) 41-10-88: 41-28-38,
факс: 41-10-88.**

Конкурстың қазылар құрамы мен құзыреті, ұйымдастырушы тараптың талаптары:

Конкурстың әділ қазылар алқасына республикада музыка өнерінің белді де, беделді қайраткерлері шақырылады. Әділ қазылар алқасын облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы бекітеді.

Әділ қазылар алқасының шешімі талқылануға, қайтадан қаралуға түспейді. Конкурс барысында қазылар тарапынан әннің толық орындалуы немесе тоқтатылуы (үміткердің ән орындау әлеуеті белгілі болған жағдайда жартылай орындалу, екі әнмен шектеу) мүмкін.

Әділ қазылар алқасы барлық сыйлықтарды тағайындамауға, бір сыйлықты бөлуге құқылы.

Конкурс лауреаттары қорытынды Гала-концертте тегін, ақысыз түрде өнер көрсетеді. Гала-концертке қатысушылардың құрамын және орындайтын ән бағдарламасын ұйымдастырушылар мен қазылар алқасы анықтап, бекітеді және бұлжытпай орындалуы талап етіледі. Ұйымдастыру комитеті Гала-концертті телевидениеден, радиодан таратуға құқылы.

Манарбек Ержановтың өз шығармалары

Ұйымдастыру комитеті үміткерлердің әр кезеңде (1 ән) міндетті түрде орындайтын шығармалар тізімін ұсынады:

1. «Ақындарға»
2. «Бақыт жыры»
3. «Амангелді туралы ән»
4. «Паравоз»
5. «Қойшының әні»
6. «Біржанға»
7. «Жетісу»

Манарбек Ержанов орындаған әндер тізімі

- 1. Ақан сері «Жылқылы бай»**
- 2. Естай Беркінбайұлы «Қорлан»**
- 3. Жарылғапберді «Ардақ»**
- 4. Халық әні «Смет»**
- 5. Жарылғапберді «Топайкөк»**
- 6. Жаяу Мұса «Ақсиса»**
- 7. Иса Байзақов «Желдірме»**
- 8. Шашубай Қошқарбайұлы «Ақ қайың»**
- 9. Біржан сал «Сырғақты»**
- 10. Ақан сері «Перуайым»**

Жүлде қоры

Бас жүлде және лауреат атағы;

*** Бір бірінші жүлде және лауреат атағы;**

*** Екі екінші жүлде және лауреат атағы;**

*** Үш үшінші жүлде және лауреат атағы;**

*** Үш дипломант атағы;**

***Бес арнайы диплом – Қали Байжанов, Ғарифолла Құрманғалиев, Игілік Омаров, Жәнібек Кәрменов, Мейірхан Адамбеков атындағы сыйлықтар.**

Үміткерлердің барып-қайту жол шығындарын жолдама берген, ал олардың жатын орны мен тамағын конкурсты өткізетін жақ көтереді. Үміткердің шашбауын көтеріп, өз еркімен келгендер (ұстаздары, еріп келген кез-келген адам) барлық шығындарды өз қалтасынан төлейді. Белгіленген мерзімнен бұрын келген қатысушылар шығындарын (қонақ үй, тамақтану) өздері көтереді.